

Импорты қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 18 наурыздағы № 10/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 26 наурызда № 18413 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2029 дейін қолданыста болады

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 399-бабы 1-тармағының 17) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Импорты қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы мемлекеттік саясат департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібінің вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2029 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі министрі

А. Жұмағалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, қорғаныс және
аэроғарыш өнеркәсібі
министрінің
2019 жылғы 18 наурыздағы
№ 10/НҚ бұйрығымен
бекітілген

Импортты қосылған құн салығынан босатылатын тауарлардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 23.01.2023 № 23/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Тауардың атауы	Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы (СЭҚ ТН коды)
1.	Баспа машиналарының өзге де электрондық модульдері	8443991000
2.	Кем дегенде деректерді өңдеу орталық блогынан, пернетақта мен дисплейден тұратын, салмағы 10 килограмм аспайтын портативті есептеуіш машиналар	8471300000
3.	Бір корпуста кем дегенде деректерді өңдеудің орталық блогы және біріктірілген немесе біріктірілмеген енгізу және шығару құрылғысы бар өзге де есептеу машиналары	8471410000
4.	Жүйелер түрінде жеткізілетін өзге де есептеу машиналары	8471490000
5.	8471 41 немесе 8471 49 субпозициясында сипатталғандардан басқа, бір корпуста мына құрылғылардың біреуі немесе екеуі бар немесе жоқ деректерді өңдеу блоктары: есте сақтау құрылғылары, енгізу құрылғылары, шығару құрылғылары	8471500000
6.	Бір корпуста есте сақтау құрылғылары бар немесе жоқ өзге де енгізу немесе шығару құрылғылары	8471607000

7.	Орталық есте сақтау құрылғылары	8471702000
8.	Магнитооптикалықтарды қоса алғанда, оптикалық дискілерде есте сақтау құрылғылары	8471703000
9.	Қатты магнитті дискілерде есте сақтау құрылғылары	8471705000
10.	Дискідегі өзге де есте сақтау құрылғылары	8471707000
11.	Магниттік таспадағы есте сақтау құрылғылары	8471708000
12.	Өзге есте сақтау құрылғылары	8471709800
13.	Есептеу машиналарының құрылғылары, өзгелер	8471800000
14.	Есептеуіш машиналар және олардың блоктары; магниттік немесе оптикалық есептеуіш құрылғылар, деректерді кодталған нысандағы ақпарат тасығыштарға тасымалдауға арналған машиналар және осындай ақпаратты өндеуге арналған, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген машиналар	8471900000
15.	Есептеуіш машиналар мен олардың блоктарына аудиодабылдарды өндеуге мүмкіндік беретін аппаратура (дыбыстық карталар); есептеуіш машиналар мен олардың блоктарын жаңғыртуға арналған, бөлшек саудаға арналған, кем дегенде дауыс зорайтқыштардан және/немесе микрофоннан және есептеу машинасына және оның блоктарына аудиодабылдарды өндеуге мүмкіндік беретін электрондық модульден (дыбыстық карталар) тұратын жиынтықтар	8473302002
16.	8469-8472 екі немесе одан да көп тауар позицияларына кіретін машиналарға тең дәрежеде арналған электрондық модульдер	8473502000
17.	Жартылай өткізгіш құралдарды немесе электрондық интегралды схемаларды шығаруға арналған, ультрадыбыстық процестерді пайдалана отырып жұмыс істейтін станоктар	8486201000
	Жартылай өткізгіш құралдар өндірісінде пайдаланылатын	

18.	лазерден басқа, жарық немесе фотонды сәулелену процестерін пайдалана отырып жұмыс істейтін өзге де машиналар мен аппаратура	8486209001
19.	Жартылай өткізгіш материалдардағы суретті құрғақ өңдеуге арналған, жартылай өткізгіш аспаптарды немесе электрондық интегралды схемаларды шығаруға арналған өзге де машиналар мен аппаратура	8486209002
20.	Жартылай өткізгіш құралдарды немесе электрондық интегралды схемаларды шығаруға арналған фоторезисті жоюға немесе жартылай өткізгіш пластиналарды тазалауға арналған кондырғылар	8486209003
21.	Жартылай өткізгіш аспаптар өндірісінде пайдаланылатын ию, жиекті ию, дұрыс (престерді қоса алғанда) машиналар	8486209004
22.	Сенсибилизацияланған жартылай өткізгіш материалдарға маска суретін кескіндеуге немесе түсіруге арналған аппаратура	8486209005
23.	Жартылай өткізгіш құралдарды немесе электрондық интегралды схемаларды шығаруға арналған өзге де машиналар мен аппаратура	8486209009
24.	Төмен температуралы дәнекерлеуге арналған дәнекерлеуіштер мен дәнекерлеуші пистолеттер	8515110000
25.	Радионавигациялық аппаратура: радионавигациялық қабылдағыштар	8526912000
26.	Радионавигациялық аппаратура: өзгелері	8526918000
27.	Өзге де қашықтықтан басқару радиоаппаратурасы	8526920008
28.	Тек қана немесе негізінен 8471 тауар позициясының есептеу жүйелерінде пайдаланылатын өзге де мониторлар	8528521000
29.	Өзге де мониторлар: түрлі-түсті	8528599009
30.	Тек қана немесе негізінен 8471 тауар позициясының есептеу жүйелерінде пайдаланылатын проекторлар	8528621000

31.	8471 тауар позициясының есептеу машиналарымен пайдалану үшін тікелей қосылатын және әзірленген проекторлар, өзгелері: жалпақ дисплей панелінің (мысалы, сұйық кристалдардағы құрылғылар) көмегімен жұмыс істейтін, есептеу машинасынан алынған цифрлық ақпаратты көрсете алатын	8528623000
32.	Өзге де түрлі-түсті, айқындығы 2048 x 1080 пиксель цифрлық проекторлар және 8471 тауар позициясының есептеу машиналарымен тікелей қосылатын және олармен бірге пайдалану үшін әзірленген проекторлар	8528629001
33.	Құрамына бейнедисплей немесе экран қосылмайтын телевизиялық байланысқа арналған қабылдау аппаратурасы: бейнетюнерлер, есептеуіш машиналарға кірістіруге арналған электрондық модульдер	8528711100
34.	Интернетке қол жеткізу үшін модемді қамтитын және интерактивті ақпараттық алмасу функциясы бар, телевизия сигналдарын (коммуникациялық функциясы бар телевизиялық қабылдағыштар) қабылдауға қабілетті, өз құрамына бейнедисплей немесе экранды қосуға арналмаған бейнетюнерлер, микропроцессор негізіндегі аспаптары бар аппараттар	8528711500
35.	Интернетке қол жеткізуге арналған модемді қамтитын және интерактивті ақпараттық алмасу функциясы бар, телевизия сигналдарын (коммуникациялық функциясы бар телевизиялық қабылдағыштар) қабылдауға қабілетті, өз құрамына бейнедисплей немесе экран енгізуге арналмаған модемді қамтитын микропроцессор негізіндегі құралдар мен өзге де аппараттар	8528719100
	Телевизиялық байланысқа арналған қабылдау аппаратурасы: сұйық кристалды дисплейлер	

36.	технологиясы бойынша орындалған экраны бар өзге де түрлі-түсті суреттер	8528724000
37.	Телевизия байланысына арналған қабылдау аппаратурасы: плазмалық панельдер технологиясы бойынша орындалған экраны бар өзге де түрлі-түсті бейнелер	8528726000
38.	Тек қана немесе негізінен 8525 - 8528 тауар позицияларының аппаратураларына арналған өзге де бөліктер: (85285 тауар позициясының аппаратураларына арналған (экрандар) өзгеде плазмалық модульдер	8529909201
39.	Тек қана немесе негізінен 8525 - 8528 тауар позицияларының аппаратураларына арналған өзге де бөліктер: сұйық кристалды модульдер (8528 5 тауар позициясының аппаратураларына арналған (экрандар)	8529909202
40.	Электрондық интегралды схемалар: 32 нанометрден аспайтын технологиялық процесс бойынша өндірілген микропроцессорлар: осы топқа арналған 8б (III) ескертуде аталған есте сақтау құрылғыларымен, түрлендіргіштермен, логикалық схемалармен, күшейткіштермен, синхрондаушылармен немесе басқа да схемалармен біріктірілген немесе біріктірілмеген тауарлар	8542311001
41.	Аудармашының немесе сөздіктің функциялары бар электр машиналары: осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген жеке функциялары бар электр машиналары мен аппаратура	8543701000
42.	Осы топтың басқа жерінде аталмаған немесе енгізілмеген өзге де электрондық өлшеу немесе бақылау құралдары, құрылғылары мен машиналары	9031803800

Ескерту:

1. Қосылған құн салығынан босату мақсаты үшін тауарлар Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасы

кодтарымен ғана айқындалады. Тауарлардың атаулары пайдалануға ыңғайлы болу үшін келтірілген.

2. 2022 жылғы 10 мамырға дейін "Астана Хаб" халықаралық технологиялық паркінің қатысушылары болып табылатын салық төлеушілердің цифрлық майнинг бойынша қызметті жүзеге асыратын тұлғаларға инфрақұрылым ұсынатын деректерді өңдеу орталықтары (Data-орталықтар) арқылы қызметтер көрсету жөніндегі қызметтің басым түрін жүзеге асыру кезінде пайдалану мақсатында әкелінген тауарларды пайдалануы және (немесе) оларға билік етуі бойынша шектеу 2022 жылғы 10 мамырда тоқтатылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК